

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/UWEH8749>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕГІ ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

FTAMP 14.25.09

<https://doi.org/10.48081/IMDK2541>

**С. М. Абылайхан¹, *Г. С. Каримова²,
Н. А. Кударова³, Г. Б. Курмангазина⁴**

^{1,2,3}Астана халықаралық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

⁴«Alikhan Bokeikhan University» ББМ,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7182-3686>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7113-4159>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9706-7716>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6045-1909>

*e-mail: gulim_3105@mail.ru

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУЫ

Бұл тақырыптың өзектілігі қоғам дамуының қазіргі кезеңінде студенттердің көшбасшылық құзыреттіліктерін дамыту мәселесін қамтиды. Бұл зерттеу техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің көшбасшылық құзыреттіліктерін дамытуды теориялық және эксперименттік негіздеуді қарастырады. Қазіргі білім беру жүйесінде көшбасшылық дағдыларды қалыптастыру студенттердің болашақ кәсіби қызметіндегі жетістіктеріне ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Эксперименттік зерттеу нәтижелері көшбасшылық құзыреттіліктерді дамытуда рөлдік ойындар, тренингтер мен топтық жұмыстардың маңыздылығын дәлелдеді. Алынған нәтижелер студенттердің ұйымдастырушылық, коммуникативтік және стратегиялық ойлау дағдыларын жетілдіруге оң әсер ететінін көрсетті. Бұл зерттеу білім беру үдерісінде көшбасшылық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдістерін қолдануға негіз болады. Зерттеудің нәтижелері білім беру бағдарламаларына көшбасшылық

құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған іс-шараларды енгізу қажеттілігін көрсетеді. Мақаланы жазуда логикалық әдістер, атап айтқанда талдау және синтез әдісі маңызды орын алды. Талдау әдісі арқылы теориялық мәліметтер жинақталды, сонымен қатар зерттеу кезеңі басталғанға дейін және зерттеуден кейінгі нәтижелері салыстырғанда – салыстыру әдісі, синтез әдісін қолдана отырып, алынған барлық ақпарат логикалық құрылымдалған жұмысқа айналды. Бұл әдістер зерттеу нәтижелерін және жұмыстың ғылымилығын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Кілттік сөздер: студент, көшбасшы, көшбасшылық, көшбасшылық құзыреттілік, зерттеу.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесі тұрақты даму мақсаттарына жетуде, құзыретті және инновациялық ойлайтын көшбасшыларды даярлауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Білім берудегі көшбасшылық мәселелері жаһандық өзгеріс және цифрлық трансформация жағдайында өзектілігін арттыруда. Білім берудегі көшбасшылық өзгерістерді басқару, стратегиялық жоспарлау және педагогикалық шеберлікті дамыту сияқты құзыреттіліктердің кең ауқымын қамтиды. Осы тұрғыда көшбасшылықты дамыту мәселесі білім берудің барлық деңгейлерінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылу керек. Ал оны қалыптастыру және дамыту отбасынан кейін, білім беру саласындағы педагог мамандарға жүктеледі.

ЮНЕСКО-ның білім мониторингі жөніндегі дүниежүзілік баяндамасына сәйкес (2024), білім берудегі тиімді көшбасшылық - оқыту сапасын арттыруға, инновацияларды енгізуге ықпал ететіні жайында атап өткен болатын [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында, сонымен қатар ел басшысының VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында «Қазақстанда білім берудегі өзгерістердің мыңдаған көшбасшыларын іріктеу және даярлау» бағдарламасы іске қосылатынын мәлімдеген болатын [2]. Бұл өз кезегінде білім беру ұйымдарының басшылары мен көшбасшылық құзыреті жоғары педагогтарды даярлау қажеттілігін көрсетеді. Атап айтқанда, олар білім беру үдерісін цифрлық трансформациялауға және педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуға баса назар аударады.

Шетел ғалымдарының зерттеулері көшбасшылық құзыреттіліктерді дамыту білім беру сапасын арттырудың және болашақ мамандарды даярлаудың негізгі факторы болып табылатынын растайды. Leithwood,

Seashore Louis, Anderson & Wahlstrom мәліметтері бойынша, білім берудегі тиімді көшбасшылық білім алушылардың үлгеріміне оқытудан кейін, екінші маңызды әсер ететінін атап өтсе [3, 37–42-бб.], Michael Fullan зерттеуі цифрлық дәуірдегі білім берудегі көшбасшылық бейімделуді, инновациялық ойлауды және дағдарысты басқару дағдыларын қажет ететінін көрсетеді [4, 80–85-бб.].

Көшбасшылық жайында заманауи зерттеулерде Новиков А.В. білім беру саласындағы көшбасшылар икемділікке, бейімделуге және стратегиялық ойлауға ие болуы керек деп тұжырым жасаған [5, 230–237-бб.]. Balwant Singh тұрақты дамуға ықпал ету үшін білім берудегі көшбасшылықтың маңыздылығын, негізгі қағидаттарын, тиімді көшбасшылық үшін қажетті негізгі құзыреттіліктер мен тұғырларды өзінің мақаласында атап егжей-тегжейлі көрсеткен [6, 36–41-бб.]. Мардахаев Л. В. әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі көшбасшылық мәселесі мен олардың басқарудағы рөлін, көшбасшылық стильдерін қарастырған және мақалада көшбасшылық түрлеріне авторлық анықтамалар беріліп, педагогикалық көшбасшылықтың теориялық және практикалық негіздерін зерттеген [7, 10–14-бб.].

Жұмыста теориялық аспектілерден бөлек, зерттеудің эксперименттік бөлігіне ерекше назар аударылады, оның барысында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін бағалауда Жариков Е. пен Крушельницкий Е. әдістемесі қолданылды [8]. Практикалық жаттығулар, тренингтер және рөлдік ойындар білім беру іс-шараларына дейін және одан кейін көшбасшылық құзыреттілік деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

Техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігін дамыту әсіресе еңбек нарығы өзін-өзі ұйымдастыру, жауапкершілік және стратегиялық ойлау дағдыларына жоғары талаптар қоятын қазіргі жағдайда өте маңызды. Day C., Gu Q., Sammons P. ғылыми еңбегін талдау барысында дамыған көшбасшылық қабілеттері бар түлектер мансаптық сатыда тезірек алға жылжып, кәсіби қызметке жылдам араласатынын көрсетті [9, 221–258-бб.]. Қазіргі жағдайда жұмыс берушілердің көпшілігі басқарушылық және коммуникативті дағдылары бар үміткерлерге артықшылық береді, бұл колледждер мен университеттерде көшбасшылықты дамытуды басымдыққа айналдырады.

Халықаралық тәжірибеде көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын білім беру үдерісінде біріктіру байқалады. Сонымен, The Wallace Foundation зерттеуі АҚШ колледждеріндегі көшбасшылықты дамыту бағдарламалары білім алушылардың академиялық үлгерімі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға оң әсер ететінін көрсетті [10]. Bush & Glover зерттеуіне сәйкес, көшбасшылыққа бағытталған білім беру жүйелері тиімді

жаңашылдықтың, тұрақтылықтың және ұйымдастырушылықтың жоғары деңгейін көрсетеді [11, 553 – 571-бб.]. Осы, зерттеулер басқарушылық үдерістерге тек тәлімгерлер, тәрбиешілер және оқытушылар ғана емес, сонымен қатар студенттердің өздері де қатысатын ұжымдық көшбасшылық тұжырымдамасына назар аударуды көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, бұл зерттеудің басты мақсаты – колледж студенттерінің көшбасшылық құзыреттіліктерін дамытуды теориялық және эксперименттік негіздеу. Бұл зерттеудің негізгі міндеттері: көшбасшылық, білім берудегі көшбасшылық түсініктерінің мәні мен мазмұнын талдау, студенттердің көшбасшылық құзыреттіліктерінің даму ерекшеліктерін анықтау, көшбасшылық құзыреттіліктерін дамытуда оқытудың формаларын тиімді қолдану.

Білім берудегі көшбасшылық және оның тұрақты даму мәселесін егжей-тегжейлі зерттеу үшін зерттеудің теориялық әдістері, атап айтқанда: талдау, жалпылау, синтез, сонымен қатар диалектикалық, құрылымдық-функционалдық әдістері қолданылды.

Зерттеудің құрылымдық-функционалдық әдісі іргелі болып табылады. Оның көмегімен жұмыстың негізі ретінде «көшбасшы», «көшбасшылық», «көшбасшылық құзыреттілік» ұғымдары талданды. Осылайша, көшбасшы – өзгерістердің нұсқаушысы және өтпелі үдерістердің фасилитаторы, ол тұрақты болашаққа өту үдерісін басқаруда құзыретті және білімді болуы қажет.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу барысында студенттердің көшбасшылық құзыреттілігінің негізгі критерийлері, осы құзыреттіліктердің дамуындағы білім беру үдерісінің маңызы, сондай-ақ көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға байланысты заманауи мәселелер талданды. Колледж студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігінің даму динамикасын анықтауға, қалыптастыруға және бағалауға ерекше назар аударылды.

Зерттеу Қарағанды қаласының «Қазіргі заманғы көпсалалы» ЖМ колледжі базасында жүргізілді. Зерттеуге «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Іс жүргізу және мұрағаттану» білім беру бағдарламаларының 3 курстың 50 студенттері қатысты. Зерттеу 3 кезеңнен тұрды: анықтау (диагностикалық), қалыптастыру және бақылау (нәтижелелерді бақылау).

Диагностикалық кезең. Бұл кезеңде бастамашылық, жауапкершілік, өзіне деген сенімділік және топқа әсер ету сияқты құзыреттіліктердің байқалуын анықтауға бағытталған Жариков Е. мен Крушельницкий Е. әдістемесі жүргізілді. Бұл әдіс студенттердің көшбасшылық қасиеттерінің байқалуын сандық және сапалық талдауға мүмкіндік беретін тестілеуді қамтыды.

Қалыптастыру кезеңінде білім беру үдерісіне көшбасшылықты дамытудың арнайы әдістемелері біріктірілді, олардың ішінде:

– Көпшілік алдында сөйлеуді, аргументтерді және келіссөздерді жақсартуға бағытталған коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша тренингтер.

– Белгісіздік жағдайында шешім қабылдауды талап ететін басқарушылық жағдаяттарды үлгілейтін іскерлік ойындар.

– Ұйымдастырушылық дағдыларды, ұжымдық қызметті тапсыру және үйлестіру қабілетін дамытуға бағытталған топтық жұмыс.

– Студенттерге нақты білім беру және кәсіби жағдайларды талдауға және шешуге мүмкіндік беретін кейс-стади әдістері.

– Рефлексия және кері байланыс, онда студенттер өздерінің жетістіктерін талқылап, көшбасшылық мінез-құлық стратегияларын реттейді.

Зерттеудің бақылау кезеңі. Бұл қорытынды кезең, Жариков Е. және Крушельницкий Е. әдістемесі қайта өткізілді. Бұл өз кезегінде студенттердің бастапқы көрсеткіштерді және қалыптастыру кезеңінен кейінгі көрсеткіштерді салыстырмалы және сапалы талдау жүргізу болып табылды.

Мақаланы ғылыми негіздеу үшін, келесідей әдістер қолданылды: Теориялық әдістер – ғылыми еңбектерді талдау, «көшбасшылық», «көшбасшылық құзыреттіліктер» деген түсініктерге салыстырмалы талдау. Эмпирикалық әдістер – сауалнама, тестілеу, бақылау және интервью. Зерттеу (эксперименттік) әдістер – тренинг бағдарламаларының тиімділігін бағалау, көшбасшылық қасиеттерді өзгері динамикасын талдау. Логикалық әдістер – бұл алынған деректерді салыстыруға, заңдылықтарды бөліп көрсетуге және ғылыми тұжырымдарды құрылымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында осы әдістерді кешенді қолдану жалпы теориялық талдаудың және зерттеудің тиімділігін объективті бағалауға және колледж студенттерінде көшбасшылық құзыреттілікті дамытудың ең тиімді стратегияларын анықтауға мүмкіндік берді.


Нәтижелер және талқылау

Ұсынылған әдістемелерді практикалық жүзеге асыру Қарағанды қаласының «Қазіргі заманғы көпсалалы» ЖМ колледжінің базасында «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Іс жүргізу және мұрағаттану» білім беру бағдарламасы студенттерімен жүзеге асырылды. Алдымен студенттердің көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін Жариков Е., Крушельницкий Е. көшбасшылық қасиеттерін бағалау әдістемесі қолданылды. Аталмыш әдістеме 20 сұрақтан тұрды. Әдістеменің мақсаты: бастамашылық, жауапкершілік, өзіне деген сенімділік және топқа әсер ету қабілеті сияқты құзыреттіліктердің байқалуын анықтауға

бағытталды. Нәтижесі жиналған балдар шкаласы негізінде, яғни жоғары балл жинаса көшбасшылық қасиеттердің айқын көрінетінін, орташа және төмен баллдар жинаса қосымша жұмыстар жүргізу керектігін дәлелдейді. Әдістеменің нәтижесін төмендегі кесте 1 және сурет 1 ден көруге болады.

1-кесте – Зерттеудің анықтау кезеңінің нәтижесі

Көшбасшылық деңгейлері	Жоғары	Орташа	Төмен
Студенттердің көрсеткіштері	20 %	50 %	30%



1-сурет – Көшбасшылық қасиеттерін бағалау әдістемесінің нәтижесі

Диагностикалық зерттеудің нәтижесі бойынша студенттердің басым көпшілігі (50 %) көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуы орташа деңгейді көрсеткендіктен, бұл көшбасшылық әлеуетін әр қарай дамыту үшін іргелі алғышарттардың бар екенін дәлелдейді.

Студенттердің 30 % көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуының төмен деңгейін көрсетті, бұл өз кезегінде өз-өзіне сенімділіктің жеткіліксіздігін, ұйымдастырушылық тәжірибесінің болмауын, көшбасшылыққа деген мотивациясының төмендігін дәлелдейді.

Ал, студенттердің 20 % көшбасшылық қасиеттердің жоғары деңгейі анықталды. Бұл бастамашылықтың, жауапкершілік пен коммуникативтік қасиеттердің айқындығын білдіреді. Осындай студенттер ұжымдық іс-шараларға белсенді қатыса алады және оқу тобында көшбасшы бола алады.

Нәтижелерді сапалы талдау көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру үдерісінде, сонымен қатар студенттердің ұйымдастырушылық және коммуникациялық қабілеттерін дамытуда мамандықтың оқу пәндері бойынша өткізілетін академиялық сабақтардың формаларын, оқу бағдарламаларын әзірлеуде үлкен мәнге ие.

Оқу-тәрбие үдерісі барысында колледж студенттерінің бастамашылық, жауапкершілік, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған арнайы әзірленген әдістемелерді пайдаланып, көшбасшылық қабілеттерін дамыту мақстаныда зерттеудің қалыптастыру бөлімін сипаттайық. Ол үшін, «Кәсіпкерлік қызмет негіздері», «Жалпы психология» пәндері барысында өзбетімен шешім қабылдау және топтарға рөлдерді бөлу мен өзара көмек беру дағдыларын дамыту үшін ұжыммен жұмыс бойынша тренингтер өткізілді.


«Қарым-қатынас психологиясы», «Экономика негіздері», «Менеджмент», «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» пәндері барысында коммуникациялық және сенім білдіру дағдыларын, көшбасшылық шешімдерді, жағдаяттарды модельдеуге, рөлдерді бөле отырып, нақты кәсіби жағдаяттарды көрсетуге, ұйымдастырушылық және жауапкершілік қабілеттерін бағалауға арналған рөлдік және іскерлік ойындар ұйымдастырылды.

Жоғарыдағы аталған пәндердің негізінде теориялық білімдер, практикалық тұрғыда өткізілген тренинг және рөлдік, іскерлік ойындардан кейін студенттер практикалық тапсырма ретінде көшбасшылық қасиеттерді дамытуға басымдық бере отырып, жоба қорғады.

Зерттеудің қалыптастыру кезеңінен кейін зерттеудің бақылау кезеңі өткізілді. Төмендегі кесте 2 және сурет 2-де қалыптастыру кезеңіне дейінгі, яғни зерттеудің анықтау және қалыптастыру кезеңінен кейінгі зерттеудің бақылау кезеңдерінің нәтижелері берілген.

2-кесте – Қалыптастыру кезеңіне дейінгі және кейінгі көрсеткіштер

Көшбасшылық деңгейлері	Қалыптастыру кезеңге дейінгі (%)	Қалыптастыру кезеңнен кейін (%)
Жоғары	20 %	40 %
Орташа	50 %	45 %
Төменгі	30 %	15 %



2-сурет – Қалыптастыру кезеңіне дейінгі және кейінгі көрсеткіштер

Нәтижелердің графикалық көрінісі қалыптастырушы кезеңнен кейін көшбасшылық құзыреттіліктері жоғары студенттердің үлесінің айтарлықтай өскенін көрсетеді. Алынған нәтижелерді сапалы талдайтын болсақ, бақылау кезеңінің нәтижелері қалыптастырушы кезеңнің әдістемелері студенттердің көшбасшылық құзыреттіліктерін дамытуға оң әсер еткенін көрсетеді. Көшбасшылық қабілеті жоғары студенттер саны екі есе өсті (20 % - дан 40 %-ға дейін), бұл бастамашылық, жауапкершілік және коммуникативтік дағдылар сияқты құзыреттіліктердің дамуын көрсетеді.

Көшбасшылық қабілеті төмен студенттер үлесінің төмендеуі (30 % - дан 15 % - ға дейін) өзіне деген сенімділікті арттыруға және командалық өзара әрекеттесуді дамытуға бағытталған қалыптастырушы әдістемелердің тиімділігін көрсетеді.

Көшбасшылықтың орташа деңгейі бар, өсу тенденциясы бар студенттер тобына ерекше назар аудару керек, бірақ үдеріс одан әрі қолдау мен жеке көзқарасты қажет етеді.

Талқылау

Жүргізілген зерттеу нәтижелері колледж студенттері арасында көшбасшылық құзыреттілікті дамытудың маңыздылығын растады. Диагностикалық және бақылау кезеңдерінде алынған мәліметтер әдістемелерді, әдістерді қолданғаннан кейін студенттердің көшбасшылық құзыреттілігінің деңгейі едәуір артқанын көрсетті. Қарым-қатынас дағдыларының, өзіне деген сенімділіктің және командада жұмыс істеу қабілетінің көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды.

Нәтижелерді шетелдік зерттеулермен салыстыру (Leithwood et al., 2016; Fulan & Quinn, 2003) білім берудегі көшбасшылықты дамытуға бағытталған бағдарламалар білім алушылардың академиялық үлгерімі мен кәсіби қалыптасуына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Бұл көшбасшылық құзыреттіліктің мақсатты дамуы болашақ мамандардың қалыптасуына оң әсер етеді деген болжамды қолдайды.

Дегенмен, зерттеу кейбір шектеулерді анықтады. Біріншіден, студенттерді таңдау (зерттеуге қатысқан 50 студент) салыстырмалы түрде аз болды, бұл нәтижелердің жалпылануын шектеуі мүмкін. Екіншіден, зерттеу бір колледжде жүргізілді және объективті тұжырымдар білім берудің басқа да сатыларындағы білім алушылардың көшбасшылық құзыреттіліктерін зерттеуді қажет етеді.

Алынған мәліметтердің практикалық маңыздылығы әзірленген және сыналған әдістер (тренингтер, рөлдік ойындар, кейс-стади) басқа колледждердің білім беру үдерісіне енгізілуі мүмкін. Бұл студенттердің көшбасшылық құзыреттіліктерін арттырып қана қоймай, олардың кәсіби дайындығын жоғары деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Болашақта зерттеулер мынадай бағыттарда болса:

– Түлектерді жұмысқа орналастыруда көшбасшылық құзыреттіліктердің әсерін игеру.

– Білім берудегі көшбасшылықты қабылдаудағы мәдениетаралық айырмашылықтарды талдау.

Осылайша, алынған нәтижелер студенттердің көшбасшылық құзыреттіліктерін дамыту білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететінін және кәсіптік білім беру жүйесіндегі маңызды бағыт болып табылатынын дәлелдейді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмыстары тұрақты дамудың маңызды факторы ретінде білім беру үдерісінде көшбасшылықтың маңыздылығын растады. Әзірленген әдістемені қолдану студенттер арасында көшбасшылық құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі тетіктерін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижелер көшбасшылық қасиеттерді дамыту академиялық үлгерімді арттыруға ғана емес, сонымен қатар белсенді азаматтық ұстаным мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетті.

Ұсынылған әдістемелер, әдістер білім беру мекемелерінде қазіргі білім беру ортасында шешім қабылдауға және бастамаларды жүзеге асыруға қабілетті білікті мамандарды даярлау үшін қолданыла алады. Көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын енгізу кәсіби және

әлеуметтік қызметке дайын құзыретті, өзіне сенімді көшбасшыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері еліміздің білім беру жүйесінде көшбасшылық құзыреттіліктерді дамыту жөніндегі бағдарламаларды одан әрі зерделеу және әзірлеу қажеттігін растайды, бұл тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін болады. Ал, оқытушылар, студенттер мақсаттарға сәтті жетуге ынталандырылуы керек. Көшбасшы боламын деген тілекті ояту, адалдықтың жоғары деңгейімен ерекшеленетін ұйымның көзқарасына сәйкес мақсатқа жетуге ұмтылуды білдіретінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Leadership in education [Мәтін]. // UNESCO. – 2024. – Қолжетімділік [Электронды ресурс]. – <https://www.unesco.org/gem-report/en> (қол жеткізу күні : 18.08.2025).

2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі [Мәтін]. // Akorda.kz. – Қолжетімділік [Электронды ресурс]. – <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-viii-saylangan-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluynda-soylegen-sozi-2922539> (қол жеткізу күні : 18.08.2025).

3 Leithwood, K., Seashore Louis, K., Anderson, S., Wahlstrom, K. Sustainable Leadership : Impact of an Innovative Leadership Development Program for School Principals in Palestine // American Journal of Educational Research. – 2016. – Vol. 4, No. 2A. – P. 37–42. – <https://doi.org/10.12691/education-4-2A-6>.

4 Fullan M. The Moral Imperative of School Leadership [Мәтін]. – Thousand Oaks: Corwin Press, 2003. – 112 p.

5 Новиков, А. В. Психолого-педагогическая модель формирования лидерских качеств первокурсников высшей школы [Мәтін]. [Электронды ресурс]. // Pedagogical Journal. – 2024. – Vol. 14, Is. 9A. – С. 230–237. – Қолжетімділік : <http://www.publishing-vak.ru/file/archive-pedagogy-2024-9/c2-novikov.pdf> (қол жеткізу күні : 18.08.2025).

6 Singh, B. Role of Educational Leadership for Sustainable Development [Мәтін]. // Education and Self Development. – 2023. – Vol. 18, No. 4. – P. 36–41. – [Электронды ресурс]. – https://eandsjournal.kpfu.ru/en/wp-content/uploads/sites/2/2024/01/ОиС_18_4-2023-1-30-41.pdf (қол жеткізу күні : 18.08.2025).

7 Мардахеев, Л. В. Лидер и лидерство в социально-педагогической деятельности [Мәтін]. // Лидерство и менеджмент: Современные тенденции

развития теории и практики : материалы междунар. науч.-практ. конф. – Алматы, 2019. – С. 10–14.

8 **Жариков, Е., Крушельницкий, Е.** Тест «Диагностика лидерских способностей» [Мәтін]. [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік : http://promtis.com.ru/images/psiholog/diagnostika/diagnostika_liderskih_sposobnostey.pdf (қол жеткізу күні : 18.08.2025).

9 **Day, C., Gu Q., Sammons, P.** The impact of leadership on student outcomes. How successful school leaders use transformational and instructional strategies to make a difference [Мәтін]. // Educational Administration Quarterly. – 2016. – Vol. 52, No. 2. – P. 221 – 258.

10 The Wallace Foundation [Мәтін]. [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік : <https://www.nassp.org/publication/principal-leadership/volume-24-2023-2024/principal-leadership-september-2023/leading-for-college-and-career-access/> (қол жеткізу күні : 18.08.2025).

11 **Bush, T., Glover D.** School leadership models: What do we know? [Мәтін]. // School Leadership & Management. – 2014. – Vol. 34, No. 5. – P. 553–571. <https://doi.org/10.1080/13632434.2014.928680>.

References

1 Leadership in education [Text] // UNESCO. – 2024. [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.unesco.org/gem-report/en>. 18.08.2025 (in English)

2 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń VIII saylangan Parlamenttiń birinshi sessiasynyń ashylýnda soılegen sózi [Speech of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the opening of the first session of the VIII convocation of Parliament] [Text] // Akorda.kz. – Access mode: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-viii-saylangan-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluynda-soylegen-sozi-2922539>. 18.08.2025 (in Kazakh)

3 **Leithwood, K., Seashore Louis, K., Anderson, S., Wahlstrom, K.** Sustainable Leadership: Impact of an Innovative Leadership Development Program for School Principals in Palestine [Text] // American Journal of Educational Research. – 2016. – Vol. 4, No. 2A, pp. 37–42. – <https://doi.org/10.12691/education-4-2A-6> (in English)

4 **Fullan, M.** The Moral Imperative of School Leadership [Text]. – Thousand Oaks: Corwin Press, 2003. – 112 p. (in English)

5 **Novikov, A. V.** Psikhologo-pedagogicheskaya model' formirovaniya liderских kachestv pervokursnikov vysshei shkoly [Psychological and Pedagogical Model of the Formation of Leadership Qualities of First-Year University Students] [Text] // Pedagogical Journal. – 2024. – Vol. 14, Is. 9A, pp.

230–237. [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.publishing-vak.ru/file/archive-pedagogy-2024-9/c2-novikov.pdf>. 18.08.2025 (in Russian)

6 **Singh, B.** Role of Educational Leadership for Sustainable Development [Text] // Education and Self Development. – 2023. – Vol. 18, No. 4, pp. 36–41. [Electronic resource]. – Access mode: https://eandsjournal.kpfu.ru/en/wp-content/uploads/sites/2/2024/01/OnC_18_4-2023-1-30-41.pdf. 18.08.2025 (in English)

7 **Mardakhaev, L.V.** Lider i liderstvo v sotsial'no-pedagogicheskoi deyatelnosti [Leader and Leadership in Socio-Pedagogical Activity] [Text] // Liderstvo i menedzhment : Sovremennye tendentsii razvitiya teorii i praktiki: materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. – Almaty, 2019, pp. 10–14. (in Russian)

8 **Zharikov, E., Krushelnitskii, E.** Test «Diagnostics of Leadership Abilities» [Test «Diagnostics of Leadership Abilities»] [Text] [Electronic resource]. – Access mode: http://promptis.com.ru/images/psiholog/diagnostika/diagnostika_liderskih_sposobnostey.pdf. 18.08.2025 (in Russian)

9 **Day, C., Gu, Q., Sammons, P.** The Impact of Leadership on Student Outcomes. How Successful School Leaders Use Transformational and Instructional Strategies to Make a Difference [Text] [Electronic resource]. – Educational Administration Quarterly. – 2016. – Vol. 52, No. 2, pp. 221–258. (in English)

10 The Wallace Foundation [Text] [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.nassp.org/publication/principal-leadership/volume-24-2023-2024/principal-leadership-september-2023/leading-for-college-and-career-access/>. 18.08.2025 (in English)

11 **Bush, T., Glover, D.** School Leadership Models : What Do We Know? [Text] // School Leadership & Management. – 2014. – Vol. 34, No. 5, pp. 553–571. – <https://doi.org/10.1080/13632434.2014.928680> (in English)

01.10.25 ж. баспаға түсті.

06.11.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. М. Абылайхан¹, *Г. С. Каримова²,*

Н. А. Кударова³, Г. Б. Курмангазина⁴

^{1,2,3}Международный университет Астана,

Республика Казахстан, г. Астана;

⁴УО «Alikhan Bokeikhan University»,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 01.10.25.

Поступило с исправлениями 06.11.25.

Принято в печать 25.11.25.

РАЗВИТИЕ ЛИДЕРСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА

Актуальность данной темы обусловлена тем, что на современном этапе развития общества особое внимание уделяется развитию лидерских компетенций у студентов. В представленном исследовании рассматривается теоретическое и экспериментальное обоснование формирования лидерских компетенций у студентов технического и профессионального образования. В современной системе образования формирование лидерских навыков является важным фактором, влияющим на успешность будущей профессиональной деятельности студентов. Результаты экспериментального исследования доказали значимость ролевых игр, тренингов и групповой работы в развитии лидерских компетенций. Полученные данные показали положительное влияние на совершенствование организационных, коммуникативных и стратегических навыков мышления студентов. Данное исследование служит основой для применения эффективных методов формирования лидерских компетенций в образовательном процессе. Результаты исследования свидетельствуют о необходимости внедрения в образовательные программы мероприятий, направленных на развитие лидерских компетенций. В написании статьи важное место заняли логические методы, в частности методы анализа и синтеза. Метод анализа позволил обобщить теоретические сведения, метод сравнения применялся при сопоставлении результатов до и после проведения исследования, а метод синтеза обеспечил логическую структурированность полученной информации в рамках целостного научного труда. Эти методы сыграли значительную роль в формировании научной обоснованности и достоверности полученных результатов.

Ключевые слова: студент, лидер, лидерство, лидерская компетенция, исследование.

S. M. Abylaikhan¹, *G. S. Karimova²,
N. A. Kudarova³, G. B. Kurmangazina⁴

^{1,2,3}Astana International University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

⁴Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 01.10.25.

Received in revised form 06.11.25.

Accepted for publication 25.11.25.

DEVELOPMENT OF COLLEGE STUDENTS' LEADERSHIP COMPETENCIES

The relevance of this topic lies in the fact that, at the present stage of societal development, particular attention is given to the development of students' leadership competencies. This study addresses the theoretical and experimental substantiation of developing leadership competencies among students in technical and vocational education. In the current educational system, fostering leadership skills is a crucial factor that contributes to students' future professional success. The results of the experimental research demonstrated the importance of role-playing, training sessions, and group work in enhancing leadership competencies. The findings revealed a positive impact on improving students' organizational, communicative, and strategic thinking skills. This research provides a foundation for implementing effective methods of leadership competency development in the educational process. The results highlight the necessity of incorporating activities aimed at developing leadership competencies into educational programs. In writing the article, logical methods, particularly analysis and synthesis, played a significant role. The method of analysis enabled the systematization of theoretical data, the comparison method was employed to contrast pre- and post-research results, and synthesis ensured the logical structuring of all information into a coherent scientific work. These methods were essential in ensuring the scientific validity and reliability of the research outcomes.

Keywords: student, leader, leadership, leadership competence, research.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 31,59.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4485

Сдано в набор 21.11.2025 г. Подписано в печать 30.12.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4485

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz